

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау жүргізу нәтижелері туралы
АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Жүргізу үшін негіздер:

ҚОӘББ«Лисаков қаласының білім бөлімі» ММ 05.01.2022 жылғы №1 бұйрығымен бекітілген ҚОӘББ«Лисаков қаласының білім бөлімі» ММ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі 2022 жылға арналған іс-шаралар жоспары.

Өткізу кезеңі: 2022 жылғы 12-20 қазан аралығы

Талданатын кезең: 2022 жылғы қаңтар – қыркүйек аралығы

Талдау объектісінің толық атауы: Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Лисаков қаласы білім бөлімінің №3 жалпы білім беретін мектебі» КММ

Жұмыс тобының құрамы:

Сатубалдина А.Б.- мектеп директоры

Ескенова Б.А.- директордың ТЖ бойынша орынбасары

Жансүгір Д.С.- тарих пәні мұғалімі

Досмагамбетова Ш.А.-тарих пәні мұғалімі

Құрметбек Б.- тәлімгер, КҚ төрайымы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

Білім беру ұйымының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілердің тізбесі:

- 1.Қазақстан Республикасының Конституциясы,
- 2.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
- 3.«Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
- 4.«Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңы,
- 5.Қостанай облысы әкімдігінің 2021 жылғы 5қаңтардағы қаулысымен бекітілген, әділет органдарында 2021 жылғы 15 қаңтарда тіркелген мектеп жарғысы.
- 6.«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Қостанай облысының Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесімен 2021

жылғы 12 ақпандағы № KZ 73LAA00023331 білім беру қызметіне мемлекеттік лицензия.

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай – ақ оқушыларды олардың бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес тереңдете, бейіндік, саралап оқытуды көздейтін жаратылыстану-математикалық бағыттағы қосымша жалпы білім беретін бағдарламалар іске асырылатын сыныптарды іске асыру білім беру ұйымы қызметінің мәні болып табылады

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында мыналар анықталды:

Білім беру ұйымының қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

ҚОӘББ«Лисаков қаласы білім бөлімінің № 3 жалпы білім беретін мектебі» КММ өз қызметінде «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысын басшылыққа алады;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары мен арнайы оқу бағдарламалары және білім беру мен ғылым саласындағы өзге де азаматтық қызметшілер;

мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларымен (Білім және ғылым министрінің бұйрығына қосымша 2021 жылғы 19 қарашадағы № 568 бұйрығымен бекітілген).

Осы нормативтік актілерде, сондай-ақ ұйымның жарғысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ

Қызметкерлерді басқару , оның ішінде кадр ауысуы

Штат саны 2022 жылғы 1 қаңтарда бекітілді.

2022 жылғы 1 қаңтарда штат саны 62 қызметкер, нақты саны 62 қызметкер (техникалық персаналды қоса алғанда)

2022 жылғы 30 қыркүйекке сәйкес мұғалімдер саны-32, оының ішінде әкімшілік құрамы -3

Бос орын - 1.

2022 жылғы 1 қаңтар 30 қыркүйек аралығында 10 еңбек шарт жасалды, оның 3 бұзылды, 1-жұмыскердің бастамасы бойынша, 2- негізгі қызметкердің жұмысқа шығуы.

Теріс себептерімен жұмыстан босату фактілері жоқ.

Мұғалімдерді жұмысқа қабылдау конкурс бойынша қабылданады. 2022 жылғы 30 қыркүйекке сәйкес бос орынға конкурс жарияланған. Қатысушы жоқ.

Жұмысқа қабылдау, жұмыстан босату туралы барлық бұйрықтар Қазақстан Республикасының еңбек қатынастары саласындағы қолданыстағы заңнамасына сәйкес ресімделеді.

2022 жылғы қаңтар-қыркүйек аралығында тәртіптік жауапкершілікке тартылғандар болған жоқ.

Осы мерзімдерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін ұйым қызметкерлері тәртіптік жауапкершілікке тарту фактілері анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін 2022 жылғы қаңтар-қыркүйек аралығында ұйым қызметкерлері әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тарту фактілері анықталған жоқ.

Қызметкерлердің жеке істері, оның ішінде біліктілігі (дипломдары) бар жоғары немесе арнайы-орта білімінің болуын куәландыратын құжаттар тексерілді, оның барысында барлық қызметкерлердің Қазақстан Республикасы Үкіметінің уәкілетті органдарының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген біліктілікті талаптарына сәйкестігі анықталды.

Қызметкерлердің жеке істері де кәмелетке толмағандардың қатысуымен білім беру, тәрбиелеу және дамыту, демалысты ұйымдастыру және сауықтыру, дене шынықтыру және спорт, медициналық қамтамасыз ету, әлеуметтік қызметтер көрсету, мәдениет және өнер саласындағы ұйымдарға: адам өлтіргені, денсаулыққа қасақана зиян келтіргені, адамдардың денсаулығына және имандылыққа, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстық, адам саудасы үшін сотталғандығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауда жүрген немесе қудалауда болған (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35 бабы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларының негізінде оларға қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған адамдарды қоспағанда) шектеулердің жоқтығы тексерілді.

Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасы ҚСЖАЕК «Ақпараттық қызмет» жүйесі бойынша соттылығы жоқ туралы анықмалары бар.

Мәлеметтер базасына сәйкес мекеменің бірде-бір қызметкерінің қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін соттылығы немесе өтелмеген соттылығы жоқ және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапкершілікке тартылатыны туралы мәлеметтер жоқ.

Штаттық кестені талдау кезінде педагогикалық қызметкерлерді қабылдау қағидаларына сәйкес білім беру ұйымы мұғалімдердің сағаттарының максималды саны 1,5 ставкадан аспайды.

Мүдделер қақтығысын реттеу

Қоғам тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды бірыңғай ережелердің нормаларына сәйкес жүргізеді, бұл ретте мүдделер қақтығысы анықталған жоқ. Сатып алу рәсімін өткізу кезінде үлестестік фактілері анықталған жоқ.

Мүдделер қақтығысын реттеу мәселелерін талдау нәтижелері бойынша **СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІ анықталған жоқ.**

Мемлекеттік қызмет көрсету

Білім беру ұйымы халыққа 7 мемлекеттік қызмет көрсетеді:

1. «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекеленген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну»;
2. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» ;
3. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау үшін құжат қабылдау»;
4. «Негізгі орта, жалпы орта білім беру туралы құжаттардың телнұсқаларын беру»;
5. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттар қабылдау»;
6. «Аз қамтылған отбасылардағы балалардың қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру»;
7. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау».

Құжаттар қағаз түрінде кеңсе арқылы- 1 арыз қабылданған (себебі: қаңтар айында интернет жоқ кезінде), электронды түрде «Электрондық үкімет» порталы (eGov), ҚР Білім және ғылым министрлігінің ақпараттық жүйесі, «САКУРА» электронды мектеп арқылы алынады.

2022 жылғы 9 айда мемлекеттік қызмет көрсету үшін 53 арыз қабылданды, оның:

- қанағаттандырылды -53 (100%)
- қайтарылды -0
- мерзімі бұзылып көрсетілген - 0.

Қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында 2022 жылғы наурыз және мамыр айында жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысында түсіндірме іс-шаралары өткізілді.

Мемлекеттік қызметтерді көрсетуге қатысты мәселелерді талдау нәтижелері бойынша келесі сыбайластық тәуекелдер анықталды:

№ р/с	Тәуекел	Ұсыныс
1	Мемлекеттік қызмет көрсет көрсететін қызметкерлер мемлекеттік қызмет көрсету саласында біліктілігін арттыру курстарынан өтпеген	Мемлекеттік қызмет көрсет көрсететін қызметкерлер мемлекеттік қызмет көрсету саласында біліктілігін арттыру курстарынан өтсін

Рұқсат беру және бақылау функцияларын іске асыру.

Ұйым рұқсат беру функцияларын жүзеге асырмайды.

6. Ұйымдастыру-басқару қызметінің өзге де мәселелері

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар

Ұйымға, сондай-ақ лауазымды тұлғаларға, ұйым қызметкерлеріне қатысты жағымсыз материалдарды, жарияланымдарды анықтау тұрғысынан бұқаралық ақпарат құралдарына мониторинг жүргізілді.

Мониторинг нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру

Заңнамаға сәйкес жұмыстарды, тауарлар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу бойынша бөлінген бюджет қаражатын жұмсаудың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары бекітілді, ол электрондық веб-порталда жарияланады. Осыған байланысты барлық мемлекеттік сатып алулар бекітілген жылдық жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

Тексерілетін кезеңде мемлекеттік сатып алуларға талдау жүргізілді. 2022 жылы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасалды, жұмыстар мен қызметтер саны 75, оның ішінде: шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен жүргізу 9 152, 361 мың теңге сомасына 25 шарт жасасу, бағаны сұрау әдісі тәсілімен 3993,846 мың теңге сомасына 50 ұсыныс.

Мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде бұзушылықтар анықталған жоқ.

Ішкі талдау нәтижесінде мемлекеттік орган басшысының жақын туыстарының, жұбайларының немесе жекжаттарының әлеуетті өнім берушілерін өткізілетін Мемлекеттік сатып алуға қатысу фактілері анықталған жоқ. Мемлекеттік сатып алу Мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны тиімді және оңтайлы жұмсау, Мемлекеттік сатып алу процесінің жариялылығы мен ашықтығы қағидаты бойынша жүзеге асырылады. Мерзімді түрде бухгалтер аудандық білім бөліміне бюджет қаражатының жұмсалуды туралы есеп береді.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау бойынша жұмыстың жай-күйін талдау бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қаралатынын анықтады.

Тексерілетін кезеңде 2 жеке тұлғалардан өтініштер келіп түскен, заңнамада белгіленген мерзімде дәлелді жазбаша жауаптар берілген.

Ақпараттық саясат

ҚР "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңының 4-бабының 3) тармақшасына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының бірі жариялылық пен ашықтық қағидаты болып табылады. Қазіргі жағдайда осы қағиданы іске асырудың табыстылығы мемлекеттік органдардың өз интернет-ресурстарында ақпаратты орналастыру арқылы ақпаратқа ашық қолжетімділік беру арқылы қызметтің ашықтығы мен ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған заңдар мен ҚР өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын орындауына байланысты. Мектептің өз сайты бар, онда мектептің қызметі туралы негізгі ақпарат орналастырылады.

Сыбайлас жемқорлық қарсы стандарт-нормативтік – құқықтық құжаттар: Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Жарлығы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы бұйрығы. № 12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы», Квази мемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы кешенді институтын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар:

* Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты, этика кодексін бекіту туралы бұйрық.

* Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты.

- * Ұйымның Этика кодексі.
- * Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы бұйрық.
- * Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері туралы аналитикалық анықтама.
- * 2022-2023 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспары.

ОДАН АРҒЫ ҚЫЗМЕТ БАРЫСЫНДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНЕ ЖОЛ БЕРМЕУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР


1. Ұйымның қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес барлық талаптардың қатаң орындалуы қадағалансын.
2. Ұйым қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті тәрбиелеу және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыс жүргізілсін.
3. Әлеуметтік педагог З.Б.Ергалиева сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын баспа басылымдарында жариялаумен немесе ресми интернет-ресурста орналастыру жұмыстарын жалғастырсын.
4. Мемлекеттік қызметті көрсетуге жауапты тұлғаларға 19.09.2022 жылғы №236 бұйрыққа сәйкес мемлекеттік қызметі көрсетілсін.
5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындылары ресми сайтқа орналастырылсын.

Мектеп директоры



Сатубалдина А.Б.

Директордың ТЖ бойынша орынбасары



Ескенова Б.А.

Тарих пәні мұғалімі



Жансүгір Д.С.

Тарих пәні мұғалімі



Досмагамбетова Ш.А.

Тәлімгер, КҚ төрайымы



Құрметбек Б.